

"Бірегей астық варранты" қоймалық коносаментін ордерлік бағалы қағаз деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы директоры 1999 жылғы 9 көкек N 289 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы директорының 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 760 қаулысымен.

"Қазақстан" астық синдикаты комитетінің өтінішін және оның ұсынған бірегей астық варрантын шығарудың, айналысының және өтеудің тәртібі туралы құжаттарды қарай келіп "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Z970077_ Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңы 4-бабының бесінші бөлігіне және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 U973755_ жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағының 21) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты қаулы е т е д і :

1. "Қазақстан" астық синдикатының қатысушылары шығарған "Бірегей астық варранты" (бұдан әрі "Б АВ" деп аталады) қоймалық коносаменті ордерлік бағалы қағаз деп танылсын.

2. Б АВ шығару, айналысы және өтеу процесінде қалыптасқан қатынастардың "Қазақстан" астық синдикатының қатысушыларының 1998 жылғы 25 желтоқсандағы жиналысының шешімімен бекітілген "Қазақстан Республикасының "Б АВ" бірегей астық варранты туралы", "Қазақстан" астық синдикаты туралы", "Қазақстан Астық Одағы жанындағы Экономикалық дауларды шешуге арналған аралық сот туралы", "Қазақстан" астық синдикатының астықтың резервтік сақтандыру қоры туралы" Ережелермен, ал реттелмейтін бөлігінде - Қазақстан Республикасының вексельдік құқықтар нормаларымен реттелетіндігі белгіленсін.

3. "Қазақстан" астық синдикатының мынадай қатысушыларының Б АВ-ның бірінші эмиссиясына KZ00UZW19993 ұлттық біріздендіру нөмірі берілсін:

"Ақ-Бидай-2" ААҚ, "Ақ-Бидай" ЖШС, "Одақ" ЖШС, "Жалтыр" ААҚ, "Ақмола-элеватор" ЖШС, "Ақмола-Астық" ЖШС, "Тобыл" ААҚ, "Тоғызак" ААҚ, "Жаркөл" ААҚ, "Урицкий" ААҚ, "Қоскөл" ААҚ, "Ақсуат" ААҚ, "Булаев" ААҚ, "Смирнов" ААҚ, "Париж коммунасы атындағы" ААҚ.

4. Осы Қаулының қол қойылған күннен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯСЫНЫҢ

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК